

ҚҰҚЫҚТАР
ҮШІН
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL



КӨЗДЕН ЖАС АҒЫЗАТЫН
ГРАНАТАМЕН ӨЛТІРІЛДІ

ЗИНЕБ РЕДУАН



ФРАНЦИЯ



«ҚҰҚЫҚТАР ҮШІН ЖАЗ»:

ӨМІРЛЕРДІ ӨЗГЕРТЕТІН

ХАТТАРДЫ 20 ЖЫЛ ЖАЗУ

Санаулы адамдар біріксе, нәтижелері таңқаларлық болуы мүмкін.

Жиырма жыл бұрын Польшада белсенділердің шағын тобы 24 сағат бойы хат жазу марафонын өткізді. Осы идея келесі жылдары да жалғасты. Бүгін “Құқықтар үшін жаз” науқаны әлемдегі адам құқықтары бойынша ең ірі шара болып табылады 2001 жылы 2326 хаттан бастап, 2021 ж. 4,7 миллион хат, твиттер, петицияларға қол қою мен басқа әрекеттерімен дүние жүзіндегі адамдар география шек қоймайтын ой төңірегінде бірігіп, сөз күшін қолданды. Осы тұлғалар бірлесіп, жылдар бойы 100-ден астам адамның өмірін өзгертуге, азаптаудан, қудалаудан, не әділсіз қамаудан босатуға көмектесті. Биылғы науқан өз қолдауын бейбіт белсенділігі, көзқарастары немесе жеке ерекшеліктері үшін қудаланған адамдарға бағыттады. Оған әйел құқықтарын қорғаушылар, трансгендерлердің құқықтарын қорғаушылар, суретшілер мен бейбіт наразылық білдірушілер жатады. Осы адамдарды әртүрлі

соққыға жықты, түрмеге жапты, атты, қудалап, қорқытты. Құқықтар үшін жаз науқаны арқылы олар бүкіл әлемнен мыңдаған адамдардың қолдау хабарларын алады. Олар да, олардың отбасылары да жағдайлары жұртшылықтың назарында және ұмытылмағандарын біледі. Ынтымақтастықта әрекет ету және бәрінің, оның ішінде ең кемсітілгендердің де, зорлық-зомбылықтан қорықпай наразылық шерулерге бірдей қатыса алуын қамтамасыз ету арқылы біз әділ және тең әлем құра аламыз.

Хат жазу әрекеттерімен қатар Amnesty сол адамдардың өмірлерін өзгертуге қол ұшын бере алатындармен, мысалы саясаткерлермен сөйлеседі. Сонымен бірге, Құқықтар үшін жаз науқаны қоғамдық шаралар арқылы осы әділетсіздіктерді көрсетіп, әлеуметтік желілерде халықаралық назарын аудартады. Өткен жылдары науқанға қатысқан адамдар мен топтар осы әрекеттердің ерекшелігін айтып, осындай көп адамдардың алаңдағаны оларға күш беретінін жеткізді.

Осы адамдар және топтар тап болған жағдайларға билік тарапынан көзқарастың оңды өзгеруі жиі кездеседі. Айыптаудан арылып, адамдар қамаудан босатылуы да мүмкін. Адамдарға адамгершілікпен қарап, әділетсіздікке қарсы жаңа заңдар не ережелер енгізіліп жатады.



© Amnesty International Nigeria

Нигериядағы Amnesty белсенділері 2021 жылғы Құқықтар үшін жаз науқанына қатысуда

Қорғап жүрген адамдарымыз туралы оқыңыз: <https://eurasia.amnesty.org/marafon-pisem/>

Өз еліңіздегі Amnesty бөлімшесімен байланысыңыз: www.amnesty.org/countries

@Amnesty қолдау туралы твит жазып, #W4R22 хэштегін пайдаланыңыз.

БАСТАР АЛДЫНДА

Адам құқықтары туралы білім алу әртүрлі жағдайда, мысалы, сыныптар, қауымдастық пен отбасылар, белсенді топтарда, онлайн немесе дәстүрлі түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Ұйымдастырушы ретінде нақты топтың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сәйкес іс-әрекеттеріңізді бейімдей аласыз. Мысалы, талқыланып жатқан мәселе бойынша алдын-ала не билетінін сұрап, топтағы қатысушылардың санын анықтап және белсенді қатысуға мүмкіндік беру үшін сабақты қалай ұйымдастыру керек екенін,

сабақ өтетін бөлме мен басқа да жағдайды белгілеуіңіз мүмкін. Қатысушылар іс бойынша қолдау шарасын бастар алдында, ортаның олар үшін қауіпсіз болуын талқылаңыз.

Сабақтардың бәрі белсенді қатыстыру әдісіне негізделеді. Ол дегеніміз оқушыларға ақпарат ұсынылып қана қоймай, олар іске байланысты мәселелерді зерттейді, талқылайды, талдайды және сұрақ қояды. Бұл әдістеме кең білім беру мақсаттары үшін өте маңызды, себебі қатысушылар:

- маңызды дағдыларды **дамытады**
- өз пікірін **қалыптастыру**, сұрақ қою және зерттелетін мәселелерді тереңірек түсінуге мүмкіндік алады
- өз оқу үдерісін **басқарып**, мүдделері, қабілеті мен көзқарастарына сәйкес талқылау ұйымдастырады
- ықыласпен қатысып, өз көзқарасын қалыптастыруға маңызды ортада болуға мүмкіндік береді

Белсенді қатыстыру оқыту әдістемесімен таныс болмасаңыз, бастар алдында Amnesty International Көмекші қолығымен танысыңыз, оны мына сілтеме бойынша таба аласыз: www.amnesty.org/en/documents/ACT35/020/2011/en/ (ағылшын тілінде)

Amnesty International өз Академиясында адам құқықтарының әртүрлі мәселелері бойынша басқа да оқу курстары, "Адам құқықтарына кіріспе" курсына ұсынады: <https://academy.amnesty.org/learn/course/external/view/elearning/120/vvedenie-v-prava-celoveka> (орыс тілінде)



СІЗДІҢ СӨЗІҢІЗДІҢ КҮШІ БАР

ОТБАСЫМЕН ҚАЙТА ҚАУЫШТЫ

2021 жылғы 30 маусымда құқық қорғаушы Жермен Рууки Бурундиде төрт жылдан астам түрмеде отырғаннан кейін босатылды. Ол адам құқықтарын қорғағаны үшін ғана қамауға алынып, сотталды.


2020 ж. Құқықтар үшін жаз науқаны кезінде Жерменнің бостандығын талап етуші дүние жүзіндегі қолдаушылар 436 000-нан астам акцияларды жүзеге асырды. Бостандыққа шыққаннан кейін елден кете алмаған Жермен, 2022 жылдың ақпанында ғана Бельгиядағы отбасымен қайта қауышты. Ол: «Құқықтар үшін жаз шынымен де жақсы әсер етеді. [Осы] қолдау мені, Жермен Руукиді, түрмеден шыққаннан кейін адам құқықтарын қорғауға одан әрі ұмтылуға ынталандырды»



© Жеке мұражайынан

ӨЛІМ ЖАЗАСЫНАН БОСАТЫЛДЫ

Оңтүстік Судандық Магаи Матиоп Нгонг 2017 жылы 14 қарашада кісі өлтіргені үшін өлім жазасына кесілген кезде мектеп оқушысы болған. Магаи судьяға өлімнің оқыс оқиға екенін және ол кезде небәрі 15 жаста екенін айтты. Дегенмен, Магаиді адвокатсыз адам өлтіргені үшін соттады. 2019 жылғы Құқықтар үшін жаз науқаны кезінде Магаиды қолдап 700 000-нан астам әрекет жасалды. 2022 жылғы наурыз айында Жоғарғы сот сол кезде оның бала болғандығын ескере отырып босату керек деген келісімін берді. Магаи енді елден аман-есен кетіп, өзі сияқты адамдарға көмектесуге бұрынғыдан да бел бұған.



ҚҰҚЫҚҚОРҒАУШЫ БОСТАНДЫҚҚА ШЫҚТЫ

Бернардо Каал Ксол, мұғалім және әке, Гватемаланың солтүстігіндегі Кахабон өзеніндегі гидроэлектр жобалардан зардап шеккен қауымдастықтарды қорғау үшін тынымсыз жұмыс істеді. Адам құқықтарын қорғауға кедергі жасау үшін, оны 2018 жылғы қарашада жеті жылдан астам бас бостандығынан айырды. 2021 ж. Құқықтар үшін жаз науқаны барысында Бернардо үшін жарты миллионнан астам әрекет жасалды және 2022 жылғы наурызда ол босатылды.



© Simone Dalmaso

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Адам құқықтары әрбірімізге тән негізгі бостандықтар мен қорғау құралдары. Олар жасына, азаматтығына, жынысына, нәсіліне, дініне немесе жеке өміріне қарамастан, қадір-қасиет, теңдік және өзара құрмет қағидаларына негізделген. Құқықтарыңыз өзіңізге де, өзгелерге де әділ қарау және өз өміріне қатысты шешім қабылдау мүмкіндігіне ие болуға негізделеді. Осы негізгі адам құқықтары жалпыға ортақ болып табылады, яғни әрбірімізге де, осы әлемдегі әрқайсымызға тән. Құқықтарды бізден тартып алуға болмайды. Олар бөлінбейді және өзара тәуелді болып табылады, бәрі бірдей маңызды және өзара байланысты.

Екінші Дүниежүзілік соғыста жасалған жан түршігерлік қылмыстардан кейін Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясынан бастап алғанда, адам құқықтары бойынша халықаралық құжаттар дүние жүзінде адамдардың өмірін жақсартуға арналған ұлттық, аймақтық және халықаралық заң құжаттарының берік негізі қаланды. Адам құқықтарын үкіметтер үшін заңдар ретінде қарастыруға болады. Олар үкіметтер мен лауазымды тұлғаларға өз юрисдикциясындағы және одан тыс адамдардың құқықтарын сақтау, қорғау және қамтамасыз ету міндетін артады.

Адам құқықтары сән-салтанатқа қана арналған әшекей бұйымдары емес.



Швейцариядағы Amnesty белсенділері 2021 жылғы Құқықтар үшін жаз науқанына қатысуда

© Amnesty International Switzerland



© UN Photo







АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ (АҚЖОД)

АҚЖОД Екінші дүниежүзілік соғыстан бірнеше жыл өткен соң Біріккен Ұлттар Ұйымымен дайындалды. 1948 жылдан бастап ол адам құқықтары жөніндегі халықаралық жүйенің негізін қалады. Әлемнің барлық елдері осы құжаттың 30-бабында көрсетілген жалпы қағидаларды сақтау міндетімен келісті.

Атында белгілендей, АҚЖОД декларация болып табылады. Бұл әлемдегі кез-келген үкіметтің жеке адамдарға қатысты белгілі бір стандарттарды ұстанатындығы туралы мәлімдемесі. Адам құқығы халықаралық құқықтың бір бөлігіне айналды. АҚЖОД қабылданғаннан бастап оның қағидалары негізінде көптеген басқа міндетті заңдар мен келісімдер қабылданды. Дәл осы заңдар мен келісімдер Amnesty International сияқты ұйымдарға біздің «Хаттар марафонында» көрсетілген мемлекеттің көзқарасын өзгертуге үндеу жасау негізін береді.



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

 <p>АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР МЕН БОСТАНДЫҚТАР Өмір сүру құқығы, азаптау мен құлдықтан еркін болу құқығы, кемсітілмеу құқығы.</p>	<p>1-бап Қадір-қасиет пен құқықтардағы еркіндік және теңдік 2-бап Кемсітуден еркін болу 3-бап Өмір сүру, бостандық пен жеке қауіпсіздік құқығы 4-бап Құлдықтан еркін болу 5-бап Азаптаудан еркін болу</p>
 <p>ЗАҢГЕРЛІК ҚҰҚЫҚТАР Кінәсіздік презумпциясына ие болу құқығы, әділсот құқығы, заңсыз қамалмау не ұсталмау құқығы.</p>	<p>6-бап Бәрі де заңмен қорғалады 7-бап Заң алдында бәрі тең 8-бап Құқықтар бұзылғанда құқықтық қорғау 9-бап Заңсыз қамау, ұстау не елден кетіруге тыйым салу 10-бап Әділсот құқығы 11-бап Кінәсіздік презумпциясы 14-бап Басқа елден пана және қорғау іздеу құқығы</p>
 <p>ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАР Оқу, отбасы құру және отбасылық өмір сүру, демалу, медициналық қызмет алу құқығы.</p>	<p>12-бап Жеке және отбасы өміріне ие болу құқығы 13-бап Тұратын жерін тағдау және өз мемлекеті аумағында еркін жүру құқығы 16-бап Некеге тұру және отбасы құру құқығы 24-бап Демалу құқығы 26-бап Білім алу, оның ішінде ақысыз бастауыш білім алу</p>
 <p>ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР Мүлікке ие болу, еңбек ету, баспана, тиімді өмір деңгейіне ие болу құқығы.</p>	<p>15-бап Азаматтыққа ие болу құқығы 17-бап Мүлікке ие болу құқығы 22-бап Әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы 23-бап Еңбек, әділ еңбекақы және кәсіподаққа мүше болу құқығы 25-бап Денсаулық сақтау мен жақсылықта өмір сүру құқығы</p>
 <p>САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР Өз елінде мемлекеттік қызметте істеу, сайлауға қатысу, бейбіт жиналу бостандығына ие болу құқығы, пікір білдіру, дінге сену және наным-сенім бостандығы.</p>	<p>18-бап Дінге сену және наным-сенім бостандығы 19-бап Пікір білдіру және ақпарат тарату құқығы 20-бап Бірлесу және бейбіт жиналу бостандығы 21-бап Саясатқа қатысу және мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу</p>
 <p>МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАР, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ Қоғамның мәдени өміріне қатысу құқығы.</p>	<p>27-бап Қоғамның мәдени өміріне қатысу 28-бап Барлық құқықтар толығымен жүзеге асырылатын дүние жүзілік тәртіпке ие болу құқығы. 29-бап Басқалардың құқықтарын сақтау және қадірлеу міндеті 30-бап Ешкім Сіздің құқықтарыңызды тартып ала алмайды!</p>



ӘРЕКЕТ

НАРАЗЫЛЫҚ КЕЗІНДЕ ПОЛИЦИЯ ТАРАПЫНАН ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

- құқық қорғау органдары
- наразылық кезінде полиция тарапынан заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету

КЕРЕКТІ УАҚЫТ

60 минут. **Әрекет жаса** бөліміне қосымша уақыт керек болуы мүмкін.

ЖАС МӨЛШЕРІ: 13+

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

- Әр қатысушыға тарату материалдарын басып шығарыңыз.
- Тарату материалындағы Зинеб оқиғасын (11-бет) және негізгі ақпаратты (9-10-беттер) оқыңыз.

ОСЫ ӘРЕКЕТ ТУРАЛЫ

Бұл әрекетте қатысушылар көзден жас ағызатын газ гранатасынан қаза тапқан Зинеб Редуанның шынайы оқиғасы арқылы Франциядағы полицияның наразылық білдірушілерге қарсы шамадан тыс күш қолдануы, соның ішінде қару қолдануы туралы біледі. Іс-шараның бір бөлігі ретінде қатысушылар Зинебті өлтіргені үшін әділеттілікті талап ету және оның отбасымен ынтымақтасу үшін хат жазуға шақырылады.

ОҚИТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қатысушылар

- наразылық акцияларындағы полицияның рөлін түсіну және оны өз өмірімен байланыстыру;
- құқықтары полиция тарапынан бұзылған және әділдікке қол жеткізе алмаған адамдарға жанашырлық таныту;
- Amnesty International-дың Құқықтар үшін жаз науқаны туралы білу;
- Зинеб Редуанды өлтіргені үшін әділдік пен жауапкершілікті талап етіп, оның отбасына ынтымақтастықты көрсету үшін билікке хаттар жазу.

КЕРЕКТІ МАТЕРИАЛДАР

- **Тарату материалдары:** Зинеб хикаясы (11-бет)
- Полиция, күш қолдану және наразылықтар туралы **негізгі ақпарат** (9-бет)
- Тиісті құқықтар туралы **негізгі ақпарат** (10-бет)
- **Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясы (АҚЖД)** Қысқартылған түрінде (5-бет)
- Қағаз, қалам және конверттер (хаттар жіберілсе)
- Қосымша: www.amnesty.org/writeforrights/ сілтемесіндегі хат үлгісі (ағылшын тілінде)
- Қосымша: www.amnesty.org/w4r-videos сілтемесі бойынша Зинеб Редуанның оқиғасы (ағылшын тілінде)

КӨБІРЕК АҚПАРАТ

- Құқықтар үшін жаз қысқаша курсына мына сілтемеден өтіңіз: <https://academy.amnesty.org/learn/course/external/view/elearning/151/marafon-pisem> (орыс тілінде)
- Наразылық білдіру құқығы қысқаша курсымызды мына сілтемеден өтіңіз: <https://academy.amnesty.org/learn/course/external/view/elearning/224/pravo-na-vyrazenie-protesta> (орыс тілінде)
- Наразылық білдіру құқығына арналған Amnesty ақпаратын оқыңыз www.amnesty.org/en/documents/ACT30/5856/2022/en/ (ағылшын тілінде).

1. ПОЛИЦИЯНЫҢ РӨЛІ

**10 МИНУТ**

Қатысушылардан полицияның қоғамдағы рөлі туралы ойлануды сұраудан бастаңыз.

- Бізге полиция күштері не үшін қажет?
- Ол не істеуі тиіс?

Қатысушылардан өз ойларымен бөлісуді сұраңыз. Қатысушылар атамаса, көптеген елдерде полицияның келесі негізгі рөлдері бар екенін еске салыңыз:

- адамдардың заңға бағынуын қамтамасыз ету (заңды орындау);
- адамдар мен мүлікті қорғау және қоғамдық тәртіпті сақтау;
- Қылмыстарды тергеу және қамауға алу.

Полиция, күш қолдану және наразылықтар туралы негізгі ақпараттан біле аласыз (9-бет).



15 МИНУТ

2. ЗИНЕБ РЕДУАНДЫ ТАНЫСТЫРУ

Төмендегі қысқа үзіндіні оқыңыз. Қатысушыларға сипатталған оқиғалардың шынымен болғанын айтып беріңіз:

2018 жылғы желтоқсанда 80 жастағы Зинеб Францияның Марсель қаласындағы төртінші қабаттағы пәтерінде кешкі ас әзірлеп, қызымен телефон арқылы сөйлесіп тұрған. Төмендегі көшелерде полиция қызметкерлері тұрғын үй жағдайының нашарлығына қарсы наразылықты тарату үшін көзден жас ағызатын газ қолданды. Зинеб терезені жабуға бара жатқанда, полиция қызметкері көзден жас ағызатын газ гранатасын оған бағыттап атты. Оның бетіне газ гранатасы тиіп, өкінішке орай, алған жарақатынан қайтыс болды. Оның қайғылы өліміне байланысты ешкім сезікті деп танылып, айыпталған жоқ.

Қатысушылардан жұпта жұмыс істеуді сұраңыз және Зинебтің оқиғасын таратып беріңіз (11-бет). Ақпаратты оқып, келесі сұрақтарды талқылауға шамамен 10 минут беріңіз:

- Сіздің ойыңызша, не болды?
- Неге?
- Зинеб Редуанға қарсы қылмыстың нәтижелі тергелуі және оның өліміне жауапты деген күдіктінің бәрі жауапқа тартылуы үшін билік не істеуі керек?

Топты қайта біріктіріп, бірнеше жұптардан өз жауаптарын бәрімен бөлісуді сұраңыз.

Соңғы жылдары Францияда үлкен наразылық акциялары өтіп, адамдар көшелерге шығып, көптеген алаңдаушылықтар туралы, соның ішінде әлеуметтік және экономикалық әділеттілікті талап еткенін түсіндіріңіз. 2018 және 2020 жылдар аралығында бастапқыда жанармай бағасының көтерілуіне қарсы болған «Сары жилеттер» қозғалысы (француз тілінен аударғанда gilets jaunes) өзінің алғашқы шақыруларын ұзартты және нәтижесінде миллиондаған адамдар әлеуметтік және экономикалық әділеттілікті талап етіп, климаттық дағдарыс пен зейнетақы реформаларына үкіметтің әрекетсіздігіне наразылық білдірді.

Жалпы отырыста қатысушыларды келесі сұрақтарды пайдалана отырып, оқиғаны әрі қарай талдауға шақырыңыз:

- Полиция не істеу, не істемеуі керек еді?

Кейбір жауаптардың ішінде осындай болуы мүмкін:

- Полиция басқалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті ең аз күш қолдануы керек еді.
- Олар тура терезеге қарай атпауы керек еді.

Зинеб Редуанның отбасына, әсіресе оның қызына әділдікке жетуге және істі соңына дейін жеткізуге не көмектесуі мүмкін?

Кейбір жауаптардың ішінде мынадай болуы мүмкін:

- Зинеб Редуанды өлтірілуіне қатысы бар барлық адамдардан, оның ішінде гранатаны атты деген күдікті офицерден және оның басшылық тізбегіндегі адамдарды толық жауапкершілікке тарту.
- Әлемнің түкпір-түкпірінен өзін елеусіз қалды деп санайтын отбасына әділдік орнату және Зинебтің өлімін жазасыз қалдырмай, кедергілерді жеңуге көмектесу.
- Билікке қысым көрсету және полицияның қауіпті әрекеттеріне назар аудару және наразылық акциялары кезінде полицияның жазасыз қалуы.

Талқылауды жүргізуге көмектесу үшін полиция, күш қолдану және наразылықтар туралы негізгі ақпаратқа жүгіне аласыз (9-бет).



3. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ТАНЫСТЫРУ

Кестенің сол жағындағы «Негізгі ақпарат: тиісті құқықтар» (10-бет) бөліміндегі адам құқықтарының тізімін бір-бірден оқып шығыңыз. Қатысушылардан олардың қайсысының Зинеб Редуанның ісіне қатысты екенін орнынан тұру немесе қолын көтеру арқылы анықтауын сұраңыз. Олардан бұл құқықты неліктен орынды деп санайтынын қысқаша түсіндіруді сұраңыз.

Немесе қатысушыларды жұптарға бөліп, АҚЖОД қысқаша мазмұнының көшірмесін беріңіз (5-бет) және сәйкес болуы мүмкін құқықтарды белгілеуді сұраңыз.

4. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ТАНЫСТЫРУ

Amnesty-дің Құқықтар үшін жаз науқаны не екенін түсіндіріңіз. Amnesty-дің адамдарды Зинеб үшін әділдік талап етуге шақыратынын түсіндіріңіз. Сонымен бірге, 2021 жылы өткен “Хаттар марафоны” Қазақстандық блогер Темірлан Еңсебек ісі бойынша сәтті мысалын келтіре аласыз <https://eurasia.amnesty.org/2022/09/15/delo-protiv-kazahstanskogo-blogera-temirlana-ensebeka-prekrasheno-on-byt-geroem-marafona-pisem-2021-goda/> (орыс тілінде)

Қатысушыларға берілген уақыт әрекет жасау үшін жеткіліксіз болса, кейін осыны қалай жасау керектігін ұйымдастыруға немесе әрекеттерді топтар арасында бөлуге шақырыңыз. Оларды шығармашылыққа ынталандырыңыз.

 20 МИНУТ

Қатысушылар АҚЖОД-мен бірінші рет танысып тұрған болса, онда 4-беттегі ақпаратты пайдалана отырып, оның не екенін түсіндіруден бастау керек.

 15 МИНУТ

Қатысушыларға осы сілтеме бойынша көруге болатын Зинебтің бейне оқиғасын көрсетіңіз: www.amnesty.org/w4r-videos (ағылшын тілінде қолжетімді).

ХАТ ЖАЗЫҢЫЗ

Қатысушыларды оң жақтағы байланыс ақпаратын пайдаланып, Зинеб Редуанға қатысты әділеттілікті талап ету үшін француз билігіне хат жазуға шақырыңыз.

Шенеуніктерге жеке хабарламаның ең көп әсер ететінін түсіндіріңіз. Қатысушыларға хат жазуға көмектесу үшін келесі нұсқауларды бере аласыз:

- Хатты жеке атыңыздан жазғаныңызды көрсету үшін өзіңіз туралы бірдеме жазыңыз.
- Зинеб Редуанның өлімінде Сізді күйзеліске ұшыратқан жағын айтып жазыңыз.
- Оларға полицияның өз әрекеттері үшін жауапты болуы қаншалықты маңызды екенін айтып жазыңыз.
- Зинеб Редуанды өлтіруге қатысқандардың бәрін, оның ішінде көзден жас ағызатын гранатаны атты деген күдікті офицер мен оның басшыларын толық жауапкершілікке тартыңдар деп айт. Судьялар қолда бар барлық дәлелдерді тиісті түрде қарап, расталған жағдайда барлық күдіктілердің әділсот сот процесінде сотталуын қамтамасыз ету керек.

Juges d'instruction
(Тергеу судьяларына)
Tribunal judiciaire de Lyon
67 rue Servient
69003 Lyon
France

Twitter: @TJLyon
Сәлемдесу: Құрметті тергеу судьясы

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БІЛДІРІҢІЗ

Зинебтің отбасымен бірге екеніңізді көрсетіңіз! Оларға әділдік үшін шайқаста мықты болуға көмектесу үшін, тілектестік пен үміт хабарламасын жіберіңіз. Зинеб ұнатқан мысықтар мен раушан гүлдерінің суреттерін хабарламаға қоса салып жіберіңіз. Тіпті кептірілген раушан жапырақтарын да конвертке салуға болады.

Amnesty International France
10 Jours pour signer 2022
76 boulevard de la Villette
75019
Paris
France



НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

ПОЛИЦИЯ, КҮШ ҚОЛДАНУ

ЖӘНЕ НАРАЗЫЛЫҚТАР

КҮШ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ


Полиция қызметкерлеріне қарапайым азаматтар жасай алмайтын әрекеттерді жасауға рұқсат етіледі - мысалы, біреуді тұтқындау үшін күш қолдану, түрмеге біреуді қамау және қару алып жүру. Полицияға бұл қосымша өкілеттіктер азаматтарды қорғау және қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша өз міндеттерін атқаруы үшін берілген. Дегенмен, билікпен бірге жауапкершілік те келеді. Полицияға басқаларға қарсы күш қолдануға рұқсат етілген, бірақ олар мұны әрқашан заң мен адам құқықтарына сәйкес істеуі керек.

- Күш қолдануы керекті болуы тиіс: ол заңды мақсатқа жету үшін қажетті күштің ең төменгі деңгейі болуы керек.
- Күш келтірілетін қауіпке сәйкес болуы тиіс (мысалы, біреуді болмайтын жерден жол өткені үшін атуға болмайды).
- Полицияның күш қолдануы жарақатқа немесе өлімге әкеліп соқса, жедел, жан-жақты, тәуелсіз және бейтарапты тергеу жүргізілуі тиіс.
- Полиция қызметкерлері өз өкілеттіктерін теріс пайдаланған жағдайда жауапкершілікке тартылып, заң алдында жауап беруі тиіс.
- Құқық қорғау органдары офицерлер жұмыс барысында кездесуі мүмкін жағдайларда не істеу керектігі, соның ішінде күш қолданудың орындылығы туралы шешім қабылдау туралы нақты нұсқаулар жасауы керек.

НАРАЗЫЛЫҚТАРДЫ РЕТТЕУ

Наразылық акцияларына келетін болсақ, үкіметтер әркімнің бейбіт жиналыстар бостандығы құқығын пайдалана алуын қамтамасыз етуге міндетті (оның ішінде наразылықтар да бар). Наразылық акциялары кезінде полицияның әрекеттеріне қатысты нақты халықаралық нұсқаулар бар. Бейбіт наразылық акцияларын өткізуге көмектесу – полицияның міндеті.

- Егер шиеленіс туындаса, полиция оны басуға міндетті. Кейбір наразылық білдірушілер зорлық-зомбылық әрекеттерге барса, бұл бейбіт наразылықты бейбіт емес жиналысқа айналдырмайды. Полиция бейбіт болғандардың наразылық акциясын жалғастыруын қамтамасыз етуі тиіс.
- Саны аз елеусіз топтың зорлық-зомбылық әрекеттері жаппай күш қолдануды ақтамайды.
- **Егер басқалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін күш қолдану мүмкін болмаса, полиция қажетті ең аз мөлшерде күш қолдануы керек.**
- Наразылықты тарату шешімі барлық басқа аз шектеуші құралдардың сәтсіз болғаны дәлелденген жағдайда соңғы шара болуы керек.
- **Наразылық акциясын тарату үшін көзден жас ағызатын газ немесе су атқыштар адамдар оқиға орнынан кете алатын жағдайда ғана қолданылуы керек. Олар тек кең таралған зорлық-зомбылыққа жауап ретінде және мақсатты құралдар зорлық-зомбылықты тежей алмаған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін. Жас ағызатын газ гранаталарын, снарядтарды немесе канистраларды ешқашан жеке адамдарға тікелей атуға болмайды. Ату кезінде бұл канистралар қауіпті снарядтарға айналады және тікелей соққыдан болатын жарақатына немесе соқырлыққа әкелуі мүмкін, әсіресе жақын қашықтықтан атылғанда немесе дененің белгілі бір бөліктеріне бағытталғанда.**
- Көпшілікті тарқату үшін ешқашан оқ қаруын қолданбау керек.



© Жеке мұражайынан

2018 жылғы 1 желтоқсанда Францияның Марсель қаласында өткен наразылық кезінде полиция көзден жас ағызатын газ қолданып жатыр.

Бейбіт жиналыстарды өткізуге қолдау көрсетіп, демонстранттарды қорғау бойынша полиция міндетін тереңірек түсіну үшін біздің осы тақырыптағы 15-минуттық онлайн-модульден өтуіңізге болады: <https://www.eduworkout.org/projects/2> (орыс тілінде).



НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

ТИІСТІ ҚҰҚЫҚТАР

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ	ЗИНЕБ РЕДУАН ІСІНЕ ҚАТЫСЫ БАР МА?
ӨМІР СҮРУ ҚҰҚЫҒЫ (3-БАП)	Тиісті құқық: Зинебті көзден жас ағызатын газ гранатасын абайсызда өлтірген кезде оның өмір сүру құқығы бұзылды.
БІЛІМ АЛУ ҚҰҚЫҒЫ (26-БАП)	Тиісті емес
ӘДІЛСОТҚА ЖӘНЕ ТИІСТІ ӨТЕМАҚЫҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ (8-БАП)	Тиісті: Оның қайтыс болғанына төрт жыл болды және ешкім жұмыстан шеттетілген немесе айыпталған жоқ. Зинебтің отбасы Францияның әділет жүйесі арқылы тиімді қорғау құралдарына және тиісті сот процесіне куә болуға құқылы.
АДАМДЫҚ ҚАДІР-ҚАСИЕТКЕ ЖӘНЕ ТҮЛҒАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ИЕ БОЛУ ҚҰҚЫҒЫ (3-БАП)	Тиісті: Зинеб көзден жас ағызатын газ гранатасынан өлмей, өз үйінде қауіпсіз болуға құқылы болған.
ПІКІР БІЛДІРУ БОСТАНДЫҒЫНА ИЕ БОЛУ ҚҰҚЫҒЫ (19-БАП)	Тиісті: Назарылыққа шыққандар өз пікірін білдіруге құқылы.
ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ (23-БАП)	Тиісті емес
ДӘЛЕНДЕНБЕГЕНШЕ КІНӘСІЗ ДЕП ТАБЫЛУ ҚҰҚЫҒЫ (11-БАП)	Тиісті болуы мүмкін: Полиция қызметкерінің кінәсі дәлелденбейінше, әділдік орнағанға дейін кінәсіз деп саналуға құқығы бар.
БАСҚАЛАРМЕН БЕЙБІТ ТҮРДЕ ЖИНАЛУ ҚҰҚЫҒЫ (20-БАП)	Тиісті: Адамдар Марсельдегі нашар тұрғын үй жағдайларына қарсы тұру үшін басқалармен кездесуге құқылы болды.

ТАРАТУ МАТЕРИАЛЫ ЗИНЕБ ОҚИҒАСЫ

Францияның Марсель қаласында тұратын 80 жастағы Зинеб Редуан есімді қарт әйел музыка мен гүлдерден қуаныш тапты. 2018 жылғы 1 желтоқсанда кешке Зинеб төртінші қабаттағы пәтерінде кешкі ас әзірлеп, қызымен телефон арқылы сөйлесіп жатқан. Төмендегі көшелерде Марсельдегі екі тұрғын үй құлап, сегіз адам қаза тапқаннан кейін адамдар тұрмыстың нашарлығына наразылық білдірді. Полиция қызметкерлері наразылық білдірушілерді тарату үшін көзден жас ағызатын газ қолданды.



© Жеке мұражайынан

Ашық терезеден көзден жас ағызатын газ кіріп жатқанын түсінген Зинеб терезені жабуға барды. Ол төменде көшеде полиция қызметкерлерін байқады. Одан кейін болған оқиға шынымен де қорқынышты болды. Полиция қызметкерлерінің бірі көзден жас ағызатын газ гранатасын Зинебке бағыттап, атты. Оның бетіне MP7 көзден жас ағызатын граната тиген.



© Жеке мұражайынан

Зинебтің беті ауыр жараланып, қансырап ауруханаға жеткізілді. Жақ сүйегінің сынықтары мен аузының төбесі опырылып тұншығып жатқан. Оған шұғыл түрде ота керек болды. Өкінішке орай, анестезиядан соң жүрегі тоқтап қалғандықтан, ота аяқталмады. Зинебтің жүрегі тағы бірнеше рет тоқтап, қайтыс болды.

Зинеб көзден жас ағызатын газ гранатасын абайсызда қолданудан қаза тапты. Төрт жылға жуық уақыт өтсе де, оның өліміне қатысты тергеу әлі де жалғасуда және оны өлтіргені үшін ешкімге айып тағылған немесе сезікті деп танылған жоқ. Зинебтің отбасы әлі әділдік күтуде.



© Жеке мұражайынан

**«Полиция қызметкері
мені нысанаға алды.
Мен оны көрдім»**

– Зинеб қызы Милфетке көзден жас ағызатын граната тигенде телефон арқылы айтып үлгерді.

Зинеб Редуан

Франция, Марсельде 2018 жылғы
1 желтоқсан, наразылық.

Зинеб Редуан пәтеріндегі еденде көзден жас ағызатын газ баллонының күйік іздері.

AMNESTY INTERNATIONAL

ТУРАЛЫ

Amnesty International әділетсіздікке қарсы 10 миллионнан астам адамдардың ғаламдық қозғалысы. Біз адам құқығы баршаға ортақ болатын әлем үшін науқан жүргіземіз.

Біз кез келген жерде болған адам құқықтары бұзушылықтарын зерттеп, осы туралы фактілерді жария етеміз. Біз үкіметтер мен басқа да ықпалды топтарды, мысалы, ірі компанияларды өз уәделерінде тұруға және халықаралық құқықты сақтауға шақырамыз. Біз көмектескен адамдардың оқиғаларын айту арқылы дүние жүзіндегі миллиондаған жақтастарымызды өзгеріс жасауға және алдыңғы қатардағы белсенділерді қорғауға жігерлендіреміз. Оқыту және жетілдіру бағдарламалары көмегімен адамдарды өз құқықтарын қорғауды қолдаймыз.

Біздің жұмысымыз өлім жазасын жоюдан жыныстық репродуктивті құқықтарды ілгері жылжыту, кемсітумен күресуден босқындар мен мигранттар құқықтарына дейін қорғап, адамдарға шабыт береді. Біз азаптауға жол беретіндерді жауапқа тартуға, репрессивті заңдарды өзгертуге және өз пікірін білдіргені үшін ғана түрмеге түскен адамдарды қорғауға көмектесеміз. Біз еркіндігі мен қадір-қасиетіне қауіп төнген әрбір адам үшін үн қосамыз.

AMNESTY INTERNATIONAL ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ХАТШЫЛЫҚ

Peter Benenson House
Истон көшесі, 1
Лондон WC1X 0DW
Біріккен Патшалық

Индекс: POL 32/5948/2022
Қазақша, 2022 ж. қыркүйек
Тел.: +44 (0)20 7413 5500
Факс: +44 (0)20 7956 1157
емейл: contactus@amnesty.org
www.amnesty.org

Басқаша көрсетілмесе,
барлық суреттер
© Amnesty International тиесілі.
Мұқабадағы сурет
© Private, © Unsplash

ҚҰҚЫҚТАР
ҮШІН
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL 